

63.5(5403)

А 25

Аршабаков М.М., Жұмабаков Ж.А.

Сауыарқа Қазақтары



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ МӘДЕНИЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік
Университеті

Аймақтық даму ғылыми зерттеу институты

Сарыарқа қазақтары

Аршабеков Т.Т.
Жұмабеков Ж.А.

Қарағанды 2007



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ АЙМАҚТЫҚ
«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ
НЕГІЗНДЕ ДАЙЫНДАЛДЫ

УДК 391/395

ББК 63.5

А85

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих факультетінің Ғылыми кеңесі ұсынған және Ғылыми техникалық кеңес бекіткен

Редколлегия алқасы:

Омарбекова Р.К., - облыстық мәдениет департаментінің бастығы

Төлеуов Т.С. - облыстық тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау инспекциясының бастығы.

Пікір білдірушілер: т.ғ.д., профессор Х.М. Абжанов

т.ғ.д., профессор Қ. Әбілов
облыстық тарихи - өлкетану
мұражайының директоры
Теміргалиева К.Т.


А 85 Аршабеков Т.Т., Жұмабеков Ж.А., Сарыарқа
казактары. - Қарағанды: «Гласир», 2009. - 292 б.

ISBN 9965-886-61-X

Бұл ғылыми зерттеуде Қарағанды облысының тарихи-этнографиялық зерттеулері негізінде осы аймақтың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, дәстүрлі дүниетанымы мен шаруашылығы берілген. Зерттеуде Сарыарқаның этникалық территориясы, осы өңірдің ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы жалпы этнографиясына арнаған.

Еңбек тарихшыларға, өлкетанушыларға, этнографтарға, гуманитарлық саладағы барлық ізденушілерге және жалпы оқырман қауымға арналады.

0505000000
A-----
00(05/09)



УДК 391/395
ББК 63.5

ISBN 9965-886-61-X

© Аршабеков Т.Т., Жұмабеков Ж.А., 2009

Сарыарқа қазақтары

Жер жаһанды көтереді,-

деген екен. Жауабына риза болған, Шабанбай би Жанқұттыны бірнеше күн қонақ етіп, кетерінде:

Аллаға жағам десең азанды бол,
Ағайынға жағам десең қазанды бол,
Халқыңа жағамын десең әділ бол,
Судай таза бол, жердей көтерімді бол
Өмірің ұзақ болсын, аймағың суат болсын
Сөзің еліңе қуат болсын.

Байдалы би Бекшеулы

Арғын Алтайдың Мойын-Рақпанғұл бұтағынан. Рақпанғұлдан Әлібек, одан Байдалының әкесі Бекше туады.

Байдалы Абылай және Уәли хандардың тұсында өмір сүрген. Орта жүзге билік айтып, хандар саясатына ықпалын жүргізген. Байдалының кеменгерлігін жоғары бағалаған Абылай «сегіз биімнің ішінде семіз биім» деп ерекше құрметтеген. Ұрпағының жобалауынша XVIII ғасырдың 20 жылдары туып, XIX ғасырдың басында дүниеден өткен. Ел аузындағы әңгіменің бірі Уәли мен Байдалы арасындағы қарым-қатынас, сыйластыққа арналады. Халық жадында Уәли өліп Бурабайда жерленгенде Байдалы би уақтылы бара алмай кешігіп көңіл айтуына байланысты :

Ер қартайды, мал тайды,

Екеуледі, ей ханым, -деп басталатын Айғанымға арнап айтылған толғауы бар. «Токсан темір тор болды « деп айтуына қарағанда бұл кезде Байдалы би тоқсанға келген қария.

Әдетте мұндай қадірлі адам келгенде, ханым қара жамылып жоқтау айтып, жоқтау артынан Таумұрын молда құранын күңіретеді екен де, қаралы ханым қайғы сақтап ұзақ отырып қалады екен. Шешеннің келуі ордаға қалыпты тіршілік орнатқандай болады. Шешеннің сөзі Айғанымға түрлі ой салып, көңілін жадырата түскендей болады. Айғаным өкпе-назын айтады. Мұның мәнісі қалай? -деп сұрапты. Сонда Байдалы би:

- Келген жерден білмесітігіңді айттым. Ол жылатқаным емес пе? Қайғырып жатқан жеріңнен тұрғызып ас-суыңды өзіңе басқарттым. Бұл жұбатқаным емес пе? Ал, ханымның қайғысы жылаумен жеңілденбейді, ханның күнәсы құранмен жуылмайды.

Сарыарқа қазақтары

Сондықтан жылауратпай, құрандатпай, тұмандатпай келгенім рас. Мүмкін, менің сөзім сенің қайғынды емес, қайратыңды қолдаған болар, -дейді.

Байдалы бидің жерленген жері бұл күндері арал болып қалған Шідерті өзенінің жағасы. Байдалының шешендік сөздері Қазан ба-спасынан шыққан «Суыл жәдит», «Үнсіл хадит» деген кітаптардан Байдалының «Бұл заманда не ғаріп», «Борлы, борлы тау» дейтін голғаулары болған.

Байдалының бәйбішесінен Байқара. Сабдалы, Деренсал, кіші әйелінен Балтақара, Бәби, Майкөз, Қосдәуір туған. Ал, Байдалының Аралбай дейтін ағасының үш әйелінен тоғыз ұл боған.

Байдалы би жөнінде Қазақ совет энциклопедиясында (Алма-ты, 1973, 2 т), С.Сейфуллиннің шығармаларында, кейінгі жылдары жарық көрген «Ел аузынан», «Сөз тапқанға қолқа жоқ», «Шешендік сөздер» атты жинақтарда жазылған.

Ескерткіштердің этноәлеуметтік маңызы

Жәдігерлердің этноәлеуметтік жағынан алып қарағанда. көбінесе барлығы «ақсүйектерге» және жоғарғы топқа арналған. Себебі, жәдігер тұрғызу үшін қыруар қаражат керек, бұл қаржыны бір атаның балалары ғана емес, ру, қауым болып көтерген. Жәдігер тұрғызудың екінші бір шарты, қайтыс болған адамның сол елге атақ, даңқы шыққан адам болуы қажет және осы адам арқылы рулық белгі қолтаңба қалдыру. Ескерткіштер, сонымен бірге сол кезеңдегі ХІХ ғ. халық арасына тараған, сал-серілердің, ақындардың артынан белгі қалмағандығы, аталған шарттардың күмбез тұрғызуға тікелей қатысы бар екенін дәлелдей түседі. Мысалы, Жаңаарқа ауданындағы Сайдалы Сары Тоқа, Төлебай сал. Маймақ ақындардың артынан белгі қалмаған.

Күмбездер, кесенелер сонымен бірге елге танымал болған не-месе дәулетті елдің адамы болса, мұндай жағдайда әйел адамдарға тұрғызған. Мысалы, Нұра ауданындағы Баршынгүл күмбезі, Жаңаарқа ауданындағы Аққыз күмбезі, Шет ауданында Зылиқа кесенесі.

Қазақтың дәстүрлі қоғамында, маңызды орынды билер атқарған. Би дегеніміз қара халықтың өкілетінен көтерілетін ең биік шегі. Би - алдымен әдет-ғұрып жолының білгірі, дау - жанжалдың төрешісі,

Сарыарқа қазақтары

Нияз батыр.

Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жерленген. Ел аузында Нияз батырдың Түркістан қаласын билеп тұруы Қалден Серенмен келіссөз жүргізуі, қалмақ батырмен жекпе-жек шығуы айтылады.

Абылай мәселесін шешу үшін қалмаққа алғаш тоқсан жақсыны бастап қаздауысты Қазыбек барды. Екінші елшілікті Сайдалы Нияз бастап барып Абылайды Қалдан қолынан босатып алып келген. Бұл мәселе тарихи құжаттармен де, ауызша шежіремен де тікелей дәлелденеді. Шежіреге қарағанда еліне барған елшілікті қалмақ батыры қарсы алып, жекпе-жекте шығатын батырың болса ғана мәселе шешіледі десе керек. Сол батырды жеңген Нияз батыр: Ханыңа айта бар сені жеңген 63 жастағы Нияз батыр депті.

Нияз батырдың XVIII ғ. Қазақ қоғамы басынан кешкен айтулы оқиғаларда Нияз аты аталып жүреді. Соның бірі орыс генералы В.Урусовтың күнделік жазбасында *«Потом пошли в кибитку /қазақтардың тіккен үйлері —Т.А/ и идучи с генерал- лейтенантом вступил в речь киргиз-кайсацкой Средней орды знатнейший старшина Нияз батыр, о котором известно, что он во время Шемяки хана /Самеке хан/ в Туркестане великую силу имел, а по смерти его Туркестаном управлял и Аубулмамбет хана на ханство утвердил. Оной Нияз присмотре по азиатскому обыкновению весьма неглупым человеком и примечено, что он пред всеми старшинами большего преимущества требовал».*

Нияз батырдың айтулы оқиғаларға тікелей қатысы болғандығы осы 1740 жылы кездесу күнделігі ретінде жазылған жазбалардан анық. Көпшілігінде Әбілмәмбеттің жанынан көрінеді оны ресейлік құжаттар да растайды. Орынбор генерал-губернаторы И.Неплюев 1742 жылы күзде патшаға жазған хабарында: *«Абульмамбет хан.. по много имевшиемся секретным советом с бывшими при нем зюнгарскими посланцами и с некоторыми киргизскими старшинами, а напаче с Нияс батыром, Давлет баем, да Шамратом, которое и напредь сего лежащих около Ташкента городов дань обривали, отправил ко одному зюнгарскому меньшего сына своего Абульфейза с помянутым старшиною Нияс батыром, про которого сказывают, что он паче всех его ханским духом владеет.....* Міне, бұл батырдың екі ел арасындағы келісімде жүрген бір сәті ғана. Жоңғариямен осы жылы жасалған әскери-одақ екі елдің

Сарыарқа қазақтары

арасында біраз жылдар бойы тыныштықты ұстап тұрді. Ресей мен Қытайға бағынбай тәуелсіз отырудың ең басты шарты екі ел арасындағы ынтымақ деп түсінген көшпелі екі ұлыс өз арасында ақ үйлі аманат алысты. Қалдан Серенге Нияздың алып барғаны да осы татулықтың белгісі ретінде Әбілфейіз бастаған ақ үйлі аманат еді. Қалмақ енді бұдан былай қазақтың қонысына соқтықпауға уәде берді. Ташкент пен Түркістанға тыныштық орнады.

Нияз батыр жөнінде біз тек бірді-екілі деректерді ғана келтіріп отырмыз, бірақ осы шағын ғана құжаттардан батырдың қазақ елінің тәуелсіздігіне, тыныштығына сіңірген еңбегінің зор екені анықталып тұр. Нияз батырдың сүйегі қасиетті Түркістанда, көктасы осы жерде.

Батырдың атымен облыс көлемінде таудың аты бар.

Байғозы батыр

Байғозы батыр жөнінде тарихи аңыз дерек аз. Соның бірі-Ш.Уәлиханов келтірген қазақ батырларының ішінде Байғозы батыр тарақты елінен. Байғозы батырдың қалмақ-қазақ қатынастары, жаугершілік заманыдағы бір жекпе-жегі баяндалған.

«.. Скоро хан снялся с поля, и каждый род сгруппировался под своим значком, выехали вперед батыры в колчугах, в шлемах с нерьями, с луками и стрелами, подошли к хану и обрзовали тоже кружок. Так вели совет: решено сделать нападение на неприятеля, хотя и в превосходном числе. Для расследования решено было послать караул, вызывали охотников, первый вышел тот молодой человек, которой просил трубку у Джанибека. На вопрос Джанибек- батыра у посланных после возвращения их с разъезда, тот же молодой киргиз отвечал: «Не много и не мало». Бой начался, калмыков было 10 тысяч, киргизы потерпели ужасный урон, наконец не выдержали и бросились бежать. Впереди всех один высокий калмык на черной, как ночь, лошади с знаменем в руке вбивался в ряды киргиз, сбросил многих с седла. Джанибек находился при этой ретираде, кажется, в доброй среде бежавших, но говорил громко: «Жаль что не родилось ни одного киргиза, который мог бы убить этого балвана». Тогда наш знакомец, тот молодой человек, о котором мы уже говорили, выехал вперед, обернулся, натянул стрелу, тетива взвизгнула, калмык закачался на лошади и упал,

Сарыарқа қазақтары

стрела завязала в щелку и пошла зигзагами. Молодой батыр был так недоволен, что стрела его пошла не прямо, прговорил. Смерть знаменосца произвела смятение в рядах неприятеля. Тогда Байгозы, закурив трубку и подходя к Джанибеку сказал: «Батыр, вот время, когда можно курить». Так начал свое батырство Байгозы тарактинец, и с этого времени все узнали его имя.»

Ел арасындағы ауызша тарихнаманың бірінде Байгозы батыр жөнінде, қартайған шағы баяндалады.

«Ертеде ағайынды ел Алтай-Қарпық пен Тарақты арасында кісі өліміне байланысты дау болыпты. Содан Байгозы батыр «мен десе Байдалы осы дауға араласпасын» деп сәлем айтыпты. олген адам Алсай руының бір барымташысы болса керек. Бірақ ел Байдалының еркіне қоймай, билікке салады. Содан ашуланған Байгозы батыр, Арқадан көшемін деп жинала бастайды. Байдалы би тіптен батырдың ашуы қатты екенін білген соң:

Атаның сай, атың сай,
Көшсең Шуға жетерсің!
Кетпенің сай. шотың сай,
Қазсан суға жетерсің,
Көш Тарақтым, көш, -депті.

Ашу үстінде отырған батыр, мынау кекетті ғой, сенің басыңды кесіп кетейін -деп Байдалыға қанжарын суырыпты. Сонда Байдалы -Тимендер, мен жар, бұл ойнаған лақ қой. Лақ жарға секіріп, ойыны қанған соң түседі ғой депті.

Батыр біраздан кейін ашуы басылып, орнына отарған соң Байдалына қайта құшақтап:

-Данышпаным-ай, тағы бір қантөгістен, бітіспес даудан алып қалдың ғой. Көшпеймін, көшпеймін. Қартайған шағымда туған жерден топырақ бұйырмады ма деп өзімде қан жұтып жүр едім, -деп сабасына келіпті.

Кенесарының Ақтау бекінісін жаулауы

Кенесары сарбаздары Ақтау бекінісін және Ақмола мен Ақтаудың аралығындағы 7 бекетті жиі мазалап тұрды. Бұл бекеттердің алғашқысы-Тіленшат бекетін 1837 жылы жүзбасы Лебедев Нұра өзенінің жағасына, Жуантөбе тауларының арасындағы Бұқара, Ташкент, Қоқан жолдарының бойына тұрғызды. Одан кейін Есілдің

Сарыарқа қазақтары

б) Қос қанатты, құс мойын, түйе табан, ботакөз, омыртқа, төрт құлақ сияқты атауларға да ие болған.

Аң үлгісінің белгілері қайырымдылық пен жауыздықтың, өмір мен өлімнің мәңгілік күресіне айналған ою-өрнек деуге де болады. Мүйіз оюы-ертеден бізге дейін сақталып жеткен басты өрнектердің бірі. Оның даму жолы мыңдаған жылдар уақыт өткен. Бұл арада қазақ халқының қоғамдық тұрмысы, кәсібі мен күн көрісі, ой ұғымы үнемі дамып отырды. Демек, қошқардың екі мүйізін желелеп бейнелеген жеке нобай оюлар біртіндеп малдың немесе аңның бейнесіне күрделі түрге айналды. Міне осы көріністің бәрі де сәулеткерлік өнерде өз орнын алды.

Тарихи аңыздары



Сарыарка -қазақтары

бірден өңмендеген өкіл болса, «тез көлік тап лауға мінемін, тез арада әкеліп бер», -деп бұйырыпты. Ешекең өзі шөп дайындау жұмысымен жүрген қалпында, «Жарайды, үйге барып бәйбішеден сұрап, мініп кете бер», -дейді. Өкіл келіп бәйбішеден биені сұраса,

- Ол неше түрлі айта береді. «Соқыр биені алсын», -дегені мен болатынмын», -депті.

Шәрбан тыққан тас. (Бұл жер Ақжар ауылынан 10-15 шақырым, Қатпарлы жартас екен. Етегінде су ағып жатыр. Ақжар өзендері мен Тоқа өзендерінің қиылысар тұсы).

Осы өңірде ертеде Дәулетбек би деген ауқатты адам болыпты. Сол кісі Шәрбан есімді қызды тоқалдыққа айттырып, жаз жайлауы кезінде қалың малын береді. Көп ұзамай алған екен.

Бірақ Шәрбанның сүйген жігіті Айтжан аса талантты әнші болыпты. Кедейліктен Шәрбанды ала алмаған Айтжан көп қиындықты бастан өткереді. Шәрбанмен қисынын тауып кездесіп, бір күні алып қашады. Сондағы екеуінің паналағаны мына жартас болыпты. Айтжан күндіз ауылда болып, түнде тамақ әкеліп, екі ғашықтың өмірі осылайша өтіп жатыпты. Жан-жақтан аңдушы болғандықтан жартасан шыға алмайды. Ақыры қыс тақала ол жерден ұзай алмаған екі ғашық, амалсыз ажырасады. Шәрбан қайта Дәулетбек биге барады.

Сөйтіп ғашықтар тағдыры өкінішті аяқталады, Айтжанның Шәрбанды жасырған жері - содан кейін «Шәрбан тыққан тас» аталып кетіпті.

Бапақ туралы. «Бай болсаң Бапақтай бол Азнабай, Сапақтай бол» деген ел арасында сөз бар. Бапақ- 19 ғасырда өмір сүрген; руы қаржас (бабас); 10 мың жылқы біткен (бірақ ұрпақтары 17 мың деп айтады). Бапақ өте мейрімде адам болған. Қостарын аралап жүріп малдын санын жатқа білген. Негізінен малды санағанда үйір-үйірмен санайды екен. Мысалы: көк айғырдың үйрінде 20 жылқы (бие, тай, құлын т.б.). Осындай бір 50-60 үйір мал түгел. Бапақ кең адам болған өз нөкерлеріне қара бақырға ет астырады (оның еті көп болып бақырдың түбінде біраз қалу керек екен, қалмаса адамдар тойып жей алмады деп есептелген. Бапақ - бабастың құты болып саналған. Бапақ қайтыс болғанда оны былғарыға тігіп Әзірет сұлтанға апармақ болған. Оған 40 жылқы артқан олар қыстық қаталдығынан уалып қалған. Шідерті бойында сол себептен оны сол жерге жерлеген (Молодежныйдың маңы болу керек).



Мазмұны

Кіріспе.....	5
I тарау. Сарыарқа өңірінің зерттелу тарихынан.....	9
II тарау. Сарыарқа қазақтарының этникалық территориясы.....	29
111 тарау. Сарыарқа қазақтарының әлеуметтік құрылымы.....	45
IV тарау. Қазақтардың шаруашылығы.....	57
<i>Мал шаруашылығының түрлері.....</i>	<i>58</i>
<i>Төрт түлік малдың түрлері.....</i>	<i>60</i>
<i>Төрт түлікке байланысты дәстүрлер.....</i>	<i>63</i>
<i>Жылқы шаруашылығы.....</i>	<i>64</i>
V тарау. Арқа өңірінің тарихи топонимдері.....	75
VI тарау. Арқа қазақтарының соғыс өнері мен қару-жарағы.....	89
VII тарау. Сарыарқа қазақтарының әдет-ғұрыптары және салт-дәстүрлері.....	125
<i>Некелік қатынастарға байланысты салт-дәстүрлер.....</i>	<i>126</i>
<i>Наурызнама.....</i>	<i>136</i>
<i>Көңіл айту.....</i>	<i>140</i>
<i>Сарыарқа қазақтарының жерлеу дәстүрі мен ғұрыптары.....</i>	<i>141</i>
<i>Ас беру дәстүрі.....</i>	<i>150</i>
<i>Тұл қайыру ғұрпы.....</i>	<i>160</i>
VIII тарау. Қазақтардың тұрғын үй және баспана түрлері.....	165
IX тарау. Арқа қазақтарының ұлттық киімдері және этнографиялық сипаттамасы.....	193
X тарау. Қазақтардың дүниетанымы және рухани мәдениеті.....	213
<i>Бақсылық.....</i>	<i>214</i>
XI тарау. Сарыарқа өңірінің тарихи-мәдени ескерткіштері.....	229
XII тарау. Тарихи аңыздары.....	259
Әдебиеттер тізімі.....	273
Қысқартулар.....	289